

КІРІСПЕ

Барша түркі жұртының алтын бесігі саналатын атақты Алтай таулы аймағы бүгінде Ресей (Тыва, Хакасия, Алтай), Қазақстан, Моңғолия, Қытай сияқты төрт мемлекеттің тоғысында жатқаны белгілі.

Тарих сахнасында түркі халықтарының байырғы этникалық құрамын Орта Азия халықтары саналатын қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақпен қатар Ресей Федерациясының құрамында мекендейтін алтайлықтар да құрайды.

Саяси тұрғыдан төрт бірдей бөлікке жіктелгенімен де, тұрғындардың ұлттық құрамы жағынан келгенде әлі де түркі баласы алтайлықтардың мекен ететін жұрты болып қалып отыр. Алтай тілі – Ресейдің Алтай Республикасында тұратын алтай халқының ұлттық, әдеби тілі.

Ұжымдық жинаққа «Bolashaq» Академиясының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы және Таулы Алтай мемлекеттік университеті (Таулы-Алтай қаласы) алтай филологиясы және шығыстану кафедрасы оқытушы-профессорлар құрамының мақалалар топтамасы берілді.

Жинақ түркілік жазба ескерткіштер синтаксисі және ономазиология мәселелері, лексикология мен сөзжасам, түркітілдес әдебиеттердің аударма тарихы мен салыстырмалы грамматикасы, стилистикасы мәселелерінен, сондай-ақ қазақ және алтай әдебиеті мен әдістемесі қарастырылып зерделенген мақалалардан тұрады. Жинақ филолог мамандар мен оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, студенттер мен магистранттарға арналған.